

Основой быта является большая семья, семейное начало, которая по Пришвину, привносит в жизнь традиционную культуру, противопоставляя «любовь к земле, крестьянство, какой – угодно каторжный труд» - пустынным. Искренне веря в большую семью, дом, хозяйство автор-повествователь считает, что «в святые попал крестьянин, который пахал» [1,109], то есть обычная жизнь, среда, житейские мелочи, а главное труд, дают человеку право попасть в рай.

Описание быта, его детальное скрупулезное изображение в повести является несколько идилическим, отдельные замечания, сделанные автором наводят на мысль о том, что надвигается другой мир, который способен разрушить эту гармонию: «здесь в этой избе, в большой семье на острове происходила такая же драма, как и везде: старое боролось с молодым, новым» [1,108].

Книга Пришвина «В краю непуганых птиц» достоверно отображает не только фактический

материал, ярко иллюстрирующий особенности быта, но и поднимается до духовного осмысления нравственных законов бытия.

1. Пришвин М.М. Собрание сочинений в 8 т. – М.: Художественная литература, 1982-1986. т.8. (Здесь и далее цитаты из произведений автора даются в квадратных скобках по указанному изданию, первая цифра обозначает том издания, вторая – страницу).

2. Хайлов А. М. Пришвин: Творческий путь. – М., 1960. – С.11

3. Пришвин и современность. – М., 1978. – С.302.

4. Пришвина В.Д. Круг жизни. – М., 1972. – С.11.

Мақалада М.М.Пришвиннің шығармашылық тәжірибесін зерттеуге арналған. Тақырыптың өзектілігі жазушының XX ғасырдағы әлемдік әдеби процестігі алатын орнын және оның кітаптарының философиялық-эстетикалық проблематикасын бүгінгі күн тұрғысынан зерделеумен айқындалады.

This article considers the creative experience underlying Michail Prishvins works. The relevance of the subject is defined by the writers role in the world literature process of the twentieth century, and the contemporary understanding of philosophical and esthetic problems of his works.

А. Джумаева

АБАЙ ЛИРИКАСЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЛИРИКАНЫҢ ӨЗІНДІК БАҒЫТЫ

Лирика – белгілі бір уақыт пен ортаның жемісі, сол орта мен уақыт перзентінің көңіл күйі, жан тебіренісі. Оның бойындағы барша қасиет-қадірді нақты мезгіл рухы, дәуір мазмұны айқындамақ. Ендеше бүгінгі лирика замандасымыздың рухани өмірінің, сезім әлемінің, ой дүниесінің көрікті суреті екендігі даусыз. Лирикадағы басты образ – лирикалық қаһарман. Бұл образдың түп негізі ақынның өзі болғанмен, яки толық мағынасындағы әдеби бейне санағына көтерілген, ақынның ғана емес, оның замандастары атынан сөйлеу хақына ие болған тұлға [1, 22].

Жырларының жұртшылық жүрегінен орын тауып, олардың жан азығына айналып, кәдесіне жарауын көздемейтін ақын жоқ шығар. Ақын жырын жазып отырғанда өз күйінің өзгенің басында да кездесетінін нақты ескермегенмен, ол солай болып шығады. Өйткені қоғам – бір, дәуір – бір. Ондағы мұң мен сыр да бір. Бір айырмашылық ақында оны жырға айналдыратын күдірет бар. Ал қарапайым халықтікі ақын жырымен жан емдеу. Ақынның арманы - «Күніне мың ойланып, жүз толғанам, өзіммен бірге

өлмесін өлеңім» немесе «Абайдай арт жағына сөз қалдырып, Жақсы еді-ау әттеген-ай, өлу деген...» болуы мүмкін. Халықтың арманы – сол ақынды арманына жеткізу, өз жанымен үндес жырға тап болып, сол жырлармен сусындап, оны өздерінің рухани байлықтарына айналдыру.

Қазіргі қазақ поэзиясы өкілдері өткен мұраны өнеге етіп, басшылыққа алып, бүгінде өздерінше жол салып, қазақ поэзиясының бір дәуірінің тарихына өзіндік қолтаңбамен енуде. Ақындық кредоның басты талабы да сол. Қасымша «күніне жүз ойланып, мың толғану» керек. Өйткені өлең түптің түбінде қазақтың қазынасы боп сақталып қалуға тиіс.

Абай. Қазақ халқының тарихындағы бұл ұлы адам – қазақ поэзиясы ренессансының басы есептеледі. Оның өлеңдерінің өн бойы ұлттық байлықтан, ерекшеліктен, жетістіктерден өрілген. Қазақ өлеңі өткенін Абайсыз елестету де мүмкін емес. Өлеңді сөздің патшасы деген ақынның өзі өлең патшасына айналғандай. Осы өлеңнің басты талаптарын анықтап, өлеңге өлеңмен анықтама берген Абайдан кейін өлең-

нің күдіретін сезіну күшейе түсті. Әсіресе ақындықтың әлемін енді аттаған қауырсын қанат алдымен өлең туралы жазатын болды. Кейіннен де өлең күдіретін сөз етуді мақсұт тұтып, кемелденген шағында да өлең жайлы жазуды ұмыт қалдырмады. Абайдың өзінде де өлең туралы бірнеше өлең бар. Бұл жалпы ақын атаулының өлеңге деген іштей құрметі. Олар осы өмірді жырлай алғаны үшін де үнемі өлеңге қарыздар сезінеді. Өйткені өлең - ақынның өзі, жаны. Өлеңі арқылы ақын өмірді қалай сезеді, не ойлайды, енді істемек деген сұрақтарымызға жауап алатындаймыз.

Абай:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Бірақ та солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы? [2] –

деген еді. Бүгінгі қазақ поэзиясында келісті өлең тудырып, өлеңнің күдіретін сезіну биік дәрежеде. Ақын Темірғали Көпбаев:

Өндір өлең, өзіңсің ғаламатым,
Аталардан қалған ар-аманатым.
Дүлей ақын келді деп дүр сілкінші,
Қасиетті қара өлең, қағанатым, -

десе, [3, 28]

Жарас Сәрсек:

Горькийдің паркі – қасиетті өлең мекені,
Қолымда үш-төрт кітапша өлеңдетеді.
«Өлген» бір өлең жазсам ғой өзгеден бөлек,
Өлмес жыр болса ол...
Сол ой көп елеңдетеді, [4, 54] –

деп «өзіммен бірге өлмесін өлеңім» дейтін ойға дөп түсетін секілді. Асылзат Арыстанбек те Абайдағы «Әуелі аят, хадис – сөздің басы» дегенді жырларының өн бойына арқау ететін сыңайлы. Ол өлеңді:

Алла деп таңым атып, батып күнім,
Лайықты адам атқа бақыттымын.
Лағылдай алдарыңда ақтарылсын,
Алланың аманаты – ақық жырым, -

деп бағалайды.

Адамның «іші» мен «сыртының» екіге ажырауын психологиялық дарматизммен пернелеу қазақ поэзиясында Абайға дейін алдырмаған асу [5] Мысалы:

Не ол емес, бұл емес,
Менің де күнім күн емес.

Немесе:

Ішім өлген, сыртым сау.

Осы мотив қазіргі лирикада біраз ақындарда кездеседі, яғни адам екі түрлі оймен, бейнемен, психологиямен өмір сүруі. Мәселен Ақберен Елгезек мұндай күйін былайша суреттейді:

Өнім бе еді бұл өмір, түсім бе еді?
Мен әлі де ештеңе түсінбедім.
Айнадағы бейнеге ұқсасам да,

Сол біреуге тартпағам ішімдегі.
Қайдан келді, білмеймін, бұл ұйғарым,
Біреудікі - өксігім, жымығаным.
Қарашықтың түбінен оқта-текте,
Оқылады дыбыссыз жыр-иманым [6, 5].

Алмас Темірбай да өзін таппай, екіге жақта жүрген жайын мына жолдарда сезіндіреді:

Неге сендім? Неге ойладым? Не дедім?
Дәлел қылып дүниенің дерегін.
Өлілер мен тірілерден сыр тартып,
Өмір бойы өзімді іздеп келемін... [7, 25]

Бейуақ мезгілдің «сырын емес, сыртын түзеген» сыпыра сидандарының су жүкпас, сынаптай сырғығыш – екі ұдай, екі ұшты мінездеріне тұралаусыздық, тиянақсыздық, тұрақсыздық тән. Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дүшпаннан да» шығармасы осындай жаппай, жүмлө байлаусыздықтың қалтарыс-қуысына сәуле жүгіртеді.

«Татымды достық та, қастық та жоқ» деп тағы бір туындысында азған заман адамдарының арасынан тоқтасатын дос, тұрысатын дүшпан таппайтындығына күйзелген ақын бұл өлеңінде «бүгінгі дос – ертең жау» болатындығын баяндап келеді. «Дүтбайға» деген сатиралық өлеңінде:

Әлі үміт, әлі серт,
Жын сықылды бұзылып.
Қулық емес, бұл – бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып.
Қулық қуып, айламды асырдым, -

деп «екіге жарылып», етегі далақтап әрлі-берлі шауып жүрген қазақ қауымын тұрлаусыздық дерті жайлаған [5, 108]. Бүгінгі біздің қоғамда бұл қулық дерті меңдеп тұр, қуана қоятын бізде де заман мәз емес. Әсіре көз бояушылықпен мақ-талатын саясатын, билігін бәрібір ақын елегінен боямсыз өтетіні ежелден анық. Біздің заманның ақындары бұл жағдайды былайша жырлайды:

...Елге кетем,
Ен далада қой бағам,
Елсіз жерде емін-еркін ойланам.
Жыным келді жындыхана – заманға,
Аурулары аруақпен ойнаған (Алмас Темірбай)

Ал Жарас Сәрсек:

Сәби ел-ай – бір өзінің еркесі,
Құдай жаққа қойдық қадам баспай біз.
Бір дананы дәріптесек, ертесі

Бір көсемнің басын жұлып тастаймыз [4, 62] - деп ашы шындықты шырылдатады.

Абайдың лирикаларының дені мезгілсіз қыршынынан қиылған перзенті Әбдірахманға арнаған жоқтау жырлары («Арғы атасы қажы еді», «Тұла бойың ұят-ар еді»), «Жиырма жеті жасыңда», «Талаптың мініп тұлпарын», «Бермеген құлға қайтесің?», «Жылағанда тоқтатып»). Мұн-

да ақын «жаңа жылдың басшысы» болатын адамның идеалын сомдады [5]. Бұлар жалпы жоқтау жанрындағы жырлар болғанымен, үлкен мазмұнды ой арқалаған туындылар еді. Қазіргі поэзияда мұндай жоқтау жырларды тудырған ақындар кейіпкері Абай армандаған «жаңа жылдың басшысы» идеалды адамдар боп өткенге ұқсайды. Мұндай жоқтауларда мына өмірден сол адамның бойындағы тазалықты, өзгеше қасиетті аңсайтын бір ерекше леп есіп тұрады. Оған дәлел ретінде Асылзаттың қобызшы Ерناзар Ыбыраевқа арнаған жоқтауында:

Жоқтар болсам, жоқтар едім үялмай,
Бірақ менің зарым Көкке жетер ме?
Жер бетіне сен де кеттің сыя алмай,
Қобызды көп жылатып бекерге.
Қорқытқа да бұйырмаған мәңгілік,
Саған ғасыр ширегін де қимады,
Айналаңда жүрген өңшең өңгүдік,
Сен өлді деп айылын да жимады, -

деп өнерлі өреннің үздігіп кеткеніне көнбес күй кешсе,

Ақбереннің Рүстем Есдәулетті жоқтап жазғанында:

Пейіш жаққа қымай-қымай елеңдеп,
Періште боп қонып едік жатырға.
Құстар ғана ұшатұғын өлемде,
Айналдық па қанаты жоқ пақырға [8]. -

деп достық жүректі бәрібір жоғалпайтынына ақындық жүрек сезімінің сенген сыры сипатталады.

Жарас Сәрсек «Қазадан кейінгі наза» өлеңінде:
Жасымды жалған дүниеден,
Жасырып жаным жыладым.
Қаусатып қабырғаларымды,
Шашылып жаным жыладым.
Көп ішіндегі азым деп,
Аз ішіндегі көбім деп,
Көрпемнің астын көр қылып,
Басылып, жаным, жыладым [4, 38]-

дей келе жоқтау мотивінде жаңа түрмен адам-

ның сол сәттегі көңілін дөп басып жырлаған. Бұл өлеңдердің барлығында да адам көңілінің нәзік бір иірімдерімен ұштасып жатқан сезім сыр-лары ашыла түсіп, жанға жақындай түсетін сықылды.

Жалпы, Абайдағы халық қамы, билікті сынау тұрғысында келетін поэзия көріністері де бүгінгі лирика туындыгерлерінде түгелдей дерлік кездеседі десек, қателесеміз, десек те көпшілік ақындар ұлттың мәселесі дегенде шабыттың жөні, ақылдың жөні, ойдың жөні бөлек екендігін аңғартады. Мәселен А. Темірбайдың «Қазақ», «Тәуелсіздік туралы мас ақынның монологы», «Жаңа қазақ» өлеңдері, Жарас Сәрсектің «Қастерлім», «Махамбеттен кейінгі мақам», Асылзат Арыстанбектің «Бас», «Көз», «Кенесары және мен» т.б. ақындардың өлеңдері соның айғағы бола алады.

1. Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. Алматы: Жазушы, 1989. 226.

2. Абай. Шығармаларының екі томдығы. Алматы: Жазушы, 1995

3. Көпбаев Т. Жаңғырық. Жырлар. – Алматы: Қазығұрт, 2007.

4. Сәрсек Ж. Түнемел. Поэзия. – Алматы: Жалын, 2008

5. Шәріп А. Сөз өнері және ұлттық рух. Оқу құралы. – Астана: Педагогика-Пресс, 2010. 108б.

6. Елгезек А. Көленкелер күбірі. Өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2009

7. Темірбай А. Мың бір мұң. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 2008

8. www.akberen.com

В статье сравниваются произведения современных казахских авторов с лирикой Абая с позиции традиционных сходств в значении.

The article compares the creations of modern Kazakh authors with the lyrics of Abai from the point of traditional similarities in meaning.

К. Досанова

АЙТЫС – ӨМІРШЕҢ ЖАНР

Айтыс – өзінің жұртты тез баурағыш тартымдылық сипаттары арқылы қазақ елінің әр саласымен ертеден біте қайнасқан жанр. Арғы түбі сонау көне замандардағы топталып, хормен айтылатын «Наурыз», «Бәдік», «Жар-жар» секілді тұрмыс-салт жырларынан басталып, дамуында қайымдасудың сан қилы белестерінен

өткен бұл жанр бірте-бірте әдебиетіміздегі кең арналы ақындар айтысына келіп ұласқан.

Халық бойындағы осы поэтикалық дарындылықты қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов айрықша атап көрсеткен. Ол сахарадағы мал баққан қазақ пен араб (бәдәуи) поэзия-